

Қазақстан Республикасы прокуратура органдары лауазымды адамдарының жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдау қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2017 жылғы 24 тамыздағы № 87 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 28 қыркүйекте № 15810 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2023 жылғы 17 қаңтардағы № 29 бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды - КР Бас Прокурорының 17.01.2023 № 29 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасының прокуратура органдарында, ведомстволары, мекемелері мен білім беру үйімінде жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдау жөніндегі жұмыстың тиімділігін қамтамасыз ету мақсатында, 2017 жылғы 30 маусымдағы "Прокуратура туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабының 6) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы прокуратура органдары лауазымды адамдарының жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдау қағидалары бекітілсін.

2. Облыстардың, аудандардың прокурорлары және оларға теңестірілген прокурорлар, прокуратуралық ведомстволары, мекемелері мен білім беру үйімінде жеке қабылдау қағидалары:

1) прокуратура органдары, ведомстволары, мекемелері мен білім беру үйімінде жеке қабылдау қағидалары:

1) прокуратура органдары, ведомстволары, мекемелері мен білім беру үйімінде жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдау үшін қажетті жағдайлар жасасын, қабылдау кестесін өзірлесін, қабылдауды үйімдастыру үшін жауапты қызметкерлерді анықтасын, олардың байланыс телефондары мен қабылдау кестелерін бұқаралық ақпарат құралдарында жарияласын;

2) жеке тұлғалардың және заңды тұлғалар өкілдерінің жолданымдарын тиісінше қабылдау мен қарауды Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінде белгіленген тәртіpte және мерзімдерде қамтамасыз етсін;

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - КР Бас Прокурорының 08.10.2021 № 132 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының өтініштермен жұмыс жасау және іс жүргізу құрылымдық бөлімшесі:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін оның көшірмесін қағаз және электрондық түрде қазақ және орыс тілдерінде он күнтізбелік күн ішінде баспа басылымдарына Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде орналастыру үшін "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының Аппаратына, прокуратураның ведомстволары, мекемелері мен білім ұйымдарының басшыларына, облыс прокурорларына және оларға теңестірілген прокурорларға жүктелсін.

5. Бұйрық Бас прокуратураның құрылымдық бөлімшелерінің, прокуратура ведомстволары, мекемелері мен білім ұйымдарының басшыларына, облыстардың, аудандардың прокурорларына және оларға теңестірілген прокурорларға жіберілсін.

6. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Бас Прокуроры

Ж. Асанов

Қазақстан Республикасы
Бас Прокурорының
2017 жылғы 24 тамыздағы
№ 87 бұйрығымен бекітілген

Қазақстан Республикасы прокуратура органдары лауазымды адамдарының жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдау
ҚАҒИДАЛАРЫ

Тарау 1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы прокуратура органдарының лауазымды адамдарының жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдау қағидалары Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексіне, Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне, Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексіне, Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне, "Прокуратура туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасының прокуратура органдарында, ведомстволарында,

мекемелерінде және білім беру үйімінда (бұдан әрі – прокуратура органдары) жеке тұлғаларды және занды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдау тәртібін регламенттейді.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - КР Бас Прокурорының 08.10.2021 № 132 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Жеке тұлғаларды және занды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдауды (бұдан әрі – қабылдау) прокуратура органдарының келесі лауазымды тұлғалары жүргізді: Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры (бұдан әрі - Бас Прокурор), оның орынбасарлары, Бас прокуратураның құрылымдық бөлімшелерінің басшылары, облыс прокурорлары және оларға теңестірілген прокурорлар, олардың орынбасарлары, облыстық және оларға теңестірілген прокуратуralардың құрылымдық бөлімшелерінің басшылары, Қазақстан Республикасының прокуратура ведомстволары, мекемелері мен білім беру үйімінде базшылары, олардың орынбасарлары, аудан прокурорлары және оларға теңестірілген прокурорлар, олардың орынбасарлары, сонымен қатар қабылдауға өкілеттік берілген прокуратура органдарының қызметкерлері.

3. Бас Прокурорға, оның орынбасарларына, облыстардың прокурорларына және оларға теңестірілген прокурорларға, Қазақстан Республикасының прокуратура ведомстволары, мекемелері мен білім беру үйімінде базшыларына, олардың орынбасарларына қабылдау алдын ала жазылу арқылы, сондай-ақ олардың тапсырмалары бойынша жүзеге асырылады.

Қабылдауға жазуды "egov.kz" порталынан түскен электронды арыздар, қағаз форматта берілген өтініштер және Бас прокуратураның Call-орталығына түскен өтінімдер бойынша қабылдауды үйімдастыруға жауапты қызметкер күнделікті жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін жүргізеді.

Call-орталығына түскен жеке қабылдауға жазылу туралы өтінімдер, егер олар үшінші адамдардың мүддесіне берілетін болса, өтінішхаттарды беру үшін өкілеттіктері туралы мәліметтер болған кезде қабылданады.

Мәселенің мән-жайы көрсетілмеген жеке қабылдау туралы өтініші оны берген адамға қараусыз қайтарылады.

Қажетті жағдайда қабылдауды үйімдастыруды төмен тұрған прокуратура органдарына тапсырылады.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда – КР Бас Прокурорының 29.03.2018 № 42 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн аяқталған соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Күнделікті қабылдауды прокуратура органдарының басшылары бекіткен кестелерге сәйкес жұмыс уақытында сағат 9.00-ден бастап 18.30-ға дейін қабылдауға өкілеттік берілген прокуратура органдарының қызметкерлері жүзеге асырады.

5. Лауазымды тұлғаның аты-жөні және тегі (бар болған жағдайда), қабылдау күндері көрсетілген қабылдау кестесі мемлекеттік және орыс тілдерінде прокуратура органдарының ғимараттарында көпшіліктің назарына қолжетімді орындарда ілінеді, сондай-ақ олардың ресми сайттарында орналастырылады.

6. Ішкі істер органдарының ғимараттарында, пенитенциарлық және арнаулы мекемелерде (тергеу изоляторлары, уақытша ұстасу изоляторлары, арнаулы қабылдау орындары, қабылдау-тарату орындары, гауптвахталар) азаматтарды қабылдауды мекемелердің ғимараттарына ілінетін бекітілген кесте бойынша кезекші прокурорлар жүргізеді.

7. Шетелдіктерді және азаматтығы жоқ тұлғаларды қабылдау Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 14 наурыздағы № 390-16с қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы құпиялылық режимін қамтамасыз ету жөніндегі нұсқаулықтың, Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2017 жылғы 6 мамырдағы № 11 қпү және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2017 жылғы 29 сәуірдегі № 75 қпү (құқықтық нормативтік актілерді мемлекеттік тіркеу Реестрінде № 15218 санды тіркелген) бірлескен бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының прокуратура органдарының, ведомстволары мен мекемелерінің әкімшілік ғимаратындағы өткізу және ішкі объект режимін қамтамасыз ету жөніндегі қағидаларының талаптарына сәйкес жүргізіледі.

Қажет болған жағдайда шетелдіктерді және азаматтығы жоқ тұлғаларды қабылдау кезінде аудармашы қатысады.

Шетелдіктердің және азаматтығы жоқ тұлғалардың қабылдау кезінде берген өтініштері, егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қаралады.

8. Қаладан тысқары келушілерге облыстық және оларға теңестірілген прокуратураларының құрылымдық бөлімшілерінің, Қазақстан Республикасының прокуратура ведомстволары, мекемелері мен білім беру үйімінің басшылары, аудан прокурорлары және оларға теңестірілген прокурорлар белгіленген кестеге қарамастан олар жүгінген күні қабылдауға бар мүмкіндікті жасайды.

9. Қабылдау өтініштердің кезектілік тәртібімен жүргізіледі. Ұлы Отан соғысына қатысушылар, оларға теңестірілген тұлғалар, мүгедектер, жүкті әйелдер, "Алтын Қыран" орденімен марапатталған, "Халық қаһарманы", "Қазақстанның Еңбек Ері" атағы бар тұлғалар кезектен тыс қабылданады.

10. Қабылдау кезінде жеке тұлға немесе занды тұлғаның өкілі жеке басын куәланышратын, ал басқа тұлғалардың атынан жүгінген кезде - олардың мүдделеріне өкілдік етуді растайтын құжаттарды көрсетеді.

11. Арыз иелерінің келісімі бойынша қабылдауды Бас Прокурор және оның орынбасарлары, Бас прокуратураның құрылымдық бөлімшелерінің басшылары, облыстар прокурорлары және оларға теңестірілген прокурорлар, прокуратура ведомстволарының, мекемелерінің және білім беру үйімінің басшылары, олардың орынбасарлары, аудандық прокурорлар және оларға теңестірілген прокурорлар, олардың орынбасарлары, сондай-ақ қабылдауды жүзеге асыруға уәкілеттік берілген прокурорлар бейнеконференц-байланыс арқылы жүзеге асырады.

Төтенше жағдай, шектеу іс-шараларын (карантинді қоса алғанда) енгізу жағдайларында немесе жеке тұлғалар мен занды тұлғалардың өкілдерінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге байланысты басқа да мән-жайларда қабылдау бейнеконференц-байланыс арқылы ғана жүзеге асырылады.

**Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда - КР Бас Прокурорының 08.10.2021 № 132 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі)
бұйрығымен.**

12. Қабылдауға өкілеттік берілген прокуратура органдарының қызметкерлері өтініш берушінің уәждерін тексеру бойынша, оның ішінде бейнеконференцбайланыс арқылы өзінің құзыретіне сәйкес барлық қажетті шараларды қолданады.

Бас прокуратура құрылымдық бөлімшелері, ведомстволары, мекемелері мен білім беру үйімінің басшылары, облыс прокурорлары және оларға теңестірілген прокурорлар, олардың орынбасарлары, облыстық және оларға теңестірілген прокуратуralарының құрылымдық басшылары, аудан прокурорлары және оларға теңестірілген прокурорлар, олардың орынбасарлары арыз иелерін қабылдау кезінде аталған қызметкерлерге жәрдем көрсетеді.

Тарау 2. Бас прокуратурада қабылдау тәртібі

13. Бас Прокурор және оның орынбасарлары қабылдауды бекітілген кестеге сәйкес кемінде айна бір рет жүргізеді.

14. Бас прокуратура құрылымдық бөлімшелердің басшылары қабылдауды қажеттілік туындауына байланысты жүргізеді.

15. Бас Прокурордың, оның орынбасарларының қабылдауына алдын ала жазуды және қабылдауды ұйымдастыруды арыз иесі ұсынған құжаттар мен хат алмасу материалдары зерделегеннен кейін Бас прокуратураның өтініштермен жұмыс және іс жүргізу жөніндегі құрылымдық бөлімшесі (бұдан әрі – Орталық) жүзеге асырады.

Құрылымдық бөлімшелер қабылдауға жазу туралы жолданымды қарастырылғанда дейін үш жұмыс күні ішінде Орталыққа арыз иесі мәселесінің мәні бойынша анықтама береді.

Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 08.10.2021 № 132 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

16. Бас Прокурордың және оның орынбасарларының қабылдауына жазылу мереке, демалыс күндерінен басқа, күн сайын жүргізіледі және қабылдау басталуына дейін бес күн бұрын аяқталады.

17. Бас Прокурордың қабылдауына:

1) "Прокуратура туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 21-бабына сәйкес прокуратура органдарының құзыретіне кірмейтін мәселелер бойынша;

2) сол мәселе бойынша бұрын қабылданған немесе Бас Прокурордың сол мәселе бойынша өтінішіне жауабы бар тұлғаларды;

3) Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінің 106-бабының бірінші бөлігіне сәйкес арыздардың қаралуы соттың құзыретіне кіретін жағдайда, сондай-ақ сотқа жолданған қылмыстық істер бойынша;

4) сот актілеріне кассациялық шағым беру мерзімін өткізіп алған кезде;

5) Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 54-бабының екінші бөлігімен көзделмеген істер бойынша сот актілерін даулаган жағдайда;

6) Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодектің 429-бабының жетінші бөлігімен, 434-бабының екінші бөлігімен және Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінің 484-бабының екінші бөлігімен көзделген істер бойынша кассациялық тәртіpte қайта қарауға жатпайтын сот актілеріне шағымданғанда жазу жүргізілмейді.

Ескерту. 17-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Бас Прокурорының 29.03.2018 № 42 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін он құнтізбелік күн аяқталған соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

18. Осы Қағидалардың 17-тармағында және Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларында көзделген жағдайларда, Орталықтың уәкілетті қызметкері өтініш берген адамдарға тиісті түсіндірме береді.

Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының 29.03.2018 № 42 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін он құнтізбелік күн аяқталған соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

19. Бас Прокурордың қабылдауына алдын ала жазу туралы шешім Бас прокуратуралың тиісті құрылымдық бөлімшелерімен келісім бойынша мынадай:

1) Бас Прокурордың қабылдауына алдын ала жазу туралы шешім Қазақстан Республикасының жергілікті және басқа да соттарының заңды күшіне енген, апелляциялық тәртіппен шағым берілмеген актілеріне наразылық келтіру туралы өтінішхат;

2) жаңа дәлелдер немесе жаңадан ашылған мән-жайлар келтірілген қайталама өтініш;

3) Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінің 494-бабында, Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 451-бабында және Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 851-бабында белгіленген тәртіппен шығарылған Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының қаулысына наразылық келтіру туралы өтінішхат берген жағдайларда қабылданады.

20. Алдын ала жазылу аяқталғаннан кейін Бас Прокурордың қабылдауына жазылған тұлғалардың тізімі істерді сұрату, анықтамалар мен баяндамалар дайындау үшін Бас прокуратураның тиісті құрылымдық бөлімшелерінің басшыларына жолданады.

Бас Прокурорға қабылдауға жазылған адамдардың өтініштері бойынша анықтамаларды Бас прокуратураның құрылымдық бөлімшелері қабылдау басталмас бұрын үш жұмыс күні ішінде Орталыққа жолдайды.

Ескерту. 20-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Бас Прокурорының 29.03.2018 № 42 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін он құнтізбелік күн аяқталған соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

21. Бас Прокурорға қабылдауды ұйымдастыру, баяндау, қабылдауды жүргізу тәжірибесін талдау және қорыту үшін қажетті материалдарды ұсыну туралы Орталықтың уәкілетті қызметкерлерінің талаптары Бас прокуратураның құрылымдық бөлімшелері үшін міндетті болып табылады.

Ескерту. 21-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының 29.03.2018 № 42 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін он құнтізбелік күн аяқталған соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

22. Бас Прокурордың орынбасарларына қабылдауга алдын ала жазылу тікелей олардың құзыретіне жататын мәселелері, сондай-ақ Бас Прокурордың тапсырмасы бойынша жүзеге асырылады.

Ескерту. 22-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының 29.03.2018 № 42 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін он құнтізбелік күн аяқталған соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

23. Бас Прокурор орынбасарларының қабылдауына:

1) сол мәселе бойынша Бас Прокурормен немесе оның орынбасарымен бұрын қабылданған тұлғаларды;

2) Бас Прокурордың немесе оның орынбасарының сол мәселе бойынша өтінішіне жауабы бар жағдайда;

3) Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 112-бабының 1-бөлігінде көрсетілген тұлғалардың берген өтінішхатынан басқа жағдайларда кассациялық сатыдағы сотқа өз бетімен жүргіну құқығын іске асырмаған тұлғаларды;

4) осы Қағидаларының 17-тармағының 1), 3), 4), 5) және 6) тармақшаларымен көзделген негіздер бойынша жазу жүргізілмейді.

24. Осы Қағидалардың 23-тармағында және Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларында көзделген жағдайларда, Орталықтың уәкілетті қызметкері өтініш берген адамдарға тиісті түсіндірме береді.

Ескерту. 24-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының 29.03.2018 № 42 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін он құнтізбелік күн аяқталған соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

25. Алдын ала жазылу аяқталғаннан кейін Бас Прокурордың орынбасарларына қабылдауға жазылған адамдардың тізімін, сондай-ақ анықтамаларды, қабылдау басталғанға дейін бір күн бұрын тиісті құрылымдық бөлімшелер Бас Прокурордың орынбасарларының көмекшілеріне зерделеу және баяндау үшін жолдайды.

Ескерту. 25-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының 29.03.2018 № 42 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін он құнтізбелік күн аяқталған соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Тарау 3. Облыстық және оларға теңестірілген прокуратураударда, Қазақстан Республикасының прокуратура ведомстволары, мекемелері мен білім беру үйімінде қабылдау тәртібі

26. Облыстардың прокурорлары және оларға теңестірілген прокурорлар, прокуратура ведомстволары, мекемелері, білім беру үйімінде басшылары және олардың орынбасарлары қабылдауды бекітілген кестеге сәйкес кемінде аптастына бір рет жүргізеді.

27. Облыс прокурорына және оған теңестірілген прокурорға, прокуратура ведомстволары, мекемелері мен білім беру үйімінде басшысына және олардың орынбасарларына қабылдау үшін алдын ала жазылу, олардың құзыретіне тікелей кіретін мәселелер бойынша, сондай-ақ Бас прокуратураның тапсырмасы бойынша жүзеге асырылады.

Қажет болған жағдайда, облыстардың прокурорлары және оларға теңестірілген прокурорлар, прокуратура ведомстволары, мекемелері мен білім беру үйімінде басшылары өтініш бергендерді қабылдауды өздерінің орынбасарларына тапсыруы мүмкін.

Ескерту. 27-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының 29.03.2018 № 42 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін он құнтізбелік күн аяқталған соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

28. Облыстық және оларға теңестірілген прокуратураудары, прокуратура ведомстволары, мекемелері мен білім беру үйімінде құрылымдық бөлімшелерінің басшылары, облыс прокурорларының және оларға теңестірілген

прокурорлардың аға көмекшілері (көмекшілері) жеке тұлғаларды және занды тұлғалардың өкілдерін қабылдауын қажеттіліктің туындауына қарай жүргізеді.

29. Облыстардың прокурорлары және оларға теңестірілген прокурорлар, прокуратура ведомстволары, мекемелері мен білім беру үйымының басшылары, олардың орынбасарлары қабылдауды елді мекендерге шығу арқылы, сондай-ақ кәсіпорындарда, мекемелер мен үйымдарда жүргізе алады.

30. Жеке тұлғаларды және занды тұлғалардың өкілдерін облыс прокурорының және оған теңестірілген прокурордың, прокуратураның ведомство, мекеме мен білім беру үйымы басшысының, олардың орынбасарларының қабылдауына алдын ала жазуды, сондай-ақ қабылдауды үйымдастыруды осы міндет жүктелген жауапты қызметкерлермен өтініш беруші ұсынған құжаттар мен онымен хат алмасу материалдарын зерделегеннен кейін жүзеге асырады.

31. Облыс прокурорының және оған теңестірілген прокурордың, прокуратура ведомствосы, мекемесі, білім беру үйымы басшысының және олардың орынбасарларының қабылдауына:

1) өтініш берушілерді қабылдауды жүзеге асыруды Бас прокуратура тапсырған жағдайларды қоспағанда, сол мәселе бойынша облыс прокурорымен, оған теңестірілген прокурормен, прокуратура ведомствосы, мекемесі, білім беру үйымы басшысымен бұрын қабылданған тұлғалар;

2) соттың өндірісіндегі істер бойынша сот актілеріне, сондай-ақ істерді қарау кезінде судьялардың әрекеттерін даулаған жағдайда;

3) осы Қағидаларының 17-тармағының 1), 3), 4), 5) және 6) тармақшаларымен көзделген негіздер бойынша жазу жүргізілмейді.

Ескерту. 31-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының 29.03.2018 № 42 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн аяқталған соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

32. Осы Қағидаларының 31-тармағында көзделген жағдайларда осы міндет жүктелген жауапты қызметкермен өтінішпен жүгінген жеке тұлғаларға және занды тұлғалардың өкілдеріне тиісті түсіндірме береді.

33. Жана дәлелдер немесе жаңадан ашылған мән-жайлар келтірілген қайталама өтініштер түсken кезде облыс прокурорына, оған теңестірілген прокурорға, прокуратураның ведомство, мекеме, білім беру үйымы басшысына қабылдауға алдын ала жазылу прокуратураның, ведомствоның, мекеменің, білім беру үйымының тиісті құрылымдық бөлімшесімен келісім бойынша жүзеге асырылады.

34. Жеке тұлғаларды және занды тұлғалар өкілдерін облыс прокурорының және оған теңестірілген прокурордың, прокуратура ведомствосы, мекемесі, білім беру үйымы басшысының, олардың орынбасарларының қабылдауына алдын ала

жазылу мереке, демалыс күндерінен басқа, күн сайын жүргізіледі және қабылдаудың басталуына дейін бір күн бұрын аяқталады.

35. Алдын ала жазылу аяқталғаннан кейін облыс прокурорының, оған теңестірілген прокурордың, прокуратураның ведомствосы, мекемесі, білім беру үйімі басшысының, олардың орынбасарларының қабылдауына жазылған тұлғалардың тізімі тиісті құрылымдық бөлімшелердің басшыларына анықтама дайындау және баяндау үшін жіберіледі.

36. Қабылдауды үйымдастыру міндеті жүктелген жауапты қызметкердің облыс прокурорына, оған теңестірілген прокурорға, прокуратура ведомствосы, мекемесі, білім беру үйімі басшысына және олардың орынбасарларына баяндау, қабылдауды жүргізу тәжірибесін талдау мен қорыту үшін қажетті қадағалау өндірістерін сұрату талабы құрылымдық бөлімшелер үшін міндетті болып табылады.

Тарау 4. Аудандық және оларға теңестірілген прокуратураударда қабылдау тәртібі

37. Аудандық және оларға теңестірілген прокурорлар, олардың орынбасарлары қабылдауды алдын ала жазусыз күн сайын жұмыс уақытында жүргізеді.

38. Аудандық және оларға теңестірілген прокурорлар, олардың орынбасарлары қабылдауды елді мекендерге шығу арқылы, сондай-ақ кәсіпорындарда, мекемелер мен үйымдарда жүргізе алады.

Кезекші прокурорлармен қадағалаудағы ішкі істер органдарында, пенитенциарлық және арнаулы мекемелерде (тергеу изоляторлары, уақытша ұстау изоляторлары, арнаулы қабылдау орындары, қабылдау-тарату орындары, гауптвахталар) азаматтарды қабылдау кемінде аптасына бір рет жүргізіледі.

39. Аудан прокуратурасында және оған теңестірілген прокуратурада өтініш берушілерді қабылдаудан бас тартуға тыйым салынады.

Ескерту. 39-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының 29.03.2018 № 42 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін он құнтізбелік күн аяқталған соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4-1-тарау. Қабылдауды жүзеге асыруға уәкілетті прокурорлардың қабылдау тәртібі.

Ескерту. 4-1-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 08.10.2021 № 132 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Ескерту. Қағида 4-1-тараумен толықтырылды – ҚР Бас Прокурорының 29.03.2018 № 42 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін он құнтізбелік күн аяқталған соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

39-1. Қабылдауды жүзеге асыруға уәкілетті прокурорлар жүгінген адамдарды қабылдауды ұйымдастыруды, олардың жолданымдарын қарауды қамтамасыз етеді, сондай-ақ құқықтық мәселелері бойынша кенес береді.

Қабылдау арнайы бөлінген үй-жай – Азаматтарды қабылдау орталығында жүзеге асырылады.

Ескерту. 39-1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 08.10.2021 № 132 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бүйрүғымен.

39-2. Қабылдауды жүзеге асыруға уәкілетті прокурорлар қабылдауды жұмыс уақытында жүзеге асырады.

Ескерту. 39-2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 08.10.2021 № 132 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бүйрүғымен.

39-3. Қабылдау электрондық кезек тәртібімен ұйымдастырылады.

39-4. Қабылдауды жүзеге асыруға уәкілетті прокурорлар қабылдауды арыз иесінің қалауы бойынша мемлекеттік және орыс тілдерінде жүзеге асырады.

Ескерту. 39-4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 08.10.2021 № 132 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бүйрүғымен.

39-5. Қабылдауды жүзеге асыруға уәкілетті прокурордың әрекеттері "Азаматтарды қабылдау орталығы" автоматтандырылған жұмыс орны" (бұдан әрі – "АҚО" АЖО) ақпараттық жүйесінде тіркеледі.

Ескерту. 39-5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 08.10.2021 № 132 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бүйрүғымен.

39-6. Қабылдау барысында қабылданған жазбаша жолданым Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тіркеуге және қарауға жатады.

Ауызша жолданымның мазмұны "АҚО" АЖО-ға енгізіледі.

Ауызша жолданымда баяндалған фактілер мен мән-жайлар қосымша тексерісті талап етпеген жағдайда, жолданымға берілетін жауап жүгінген адамның келісімімен қабылдау барысында ауызша нысанда беріледі, ол туралы "АҚО" АЖО-да тиісті жазба енгізіледі.

Қажет болған жағдайда, жүгінген адамдарға Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша ауызша түсіндірмелер беріледі.

Ескерту. 39-6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 08.10.2021 № 132 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бүйрүғымен.

39-7. Егер жолданымда оны шешу үшін жеткілікті мәліметтер болмаған не мәселенің мәнін түсіну мүмкін емес болған жағдайда, қабылдауды жүзеге асыруға уәкілетті прокурор қабылдау барысында арыз иесіне жолданымға қойылатын талаптарды түсіндіреді және оған жетіспейтін деректерді толықтыруды ұсынады.

**Ескерту. 39-7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 08.10.2021 № 132 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі)
бұйрығымен.**

39-8. Қабылдауды жүзеге асыруға уәкілетті прокурорлар негіздер болған кезде, жүгінген адамдарға прокуратура органдарының құрылымдық бөлімшелерінің қызметкерлерін шақырады немесе тиісті лауазымды адамдармен қабылдау уақыты мен орны туралы келіседі.

**Ескерту. 39-8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 08.10.2021 № 132 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі)
бұйрығымен.**

Тарау 5. Қабылдаудан келіп түскен өтініштерді есепке алу, тіркеу және қарau

40. Қабылдаудан келіп түскен өтініштер сканерден өткізіледі және прокуратура органдарының Бірынғай ақпараттық-талдау жүйесінде (бұдан әрі – БАТЖ) тіркеледі. Өтініштерге "жеке қабылдаудан" деген белгі қойылады.

41. Қабылдаудан келіп түскен барлық жазбаша өтініштер тіркеуден кейін тиісті лауазымды тұлғаларға қарau және өтініш берушілерге жауап дайындау үшін жіберіледі.

Жеке тұлғалар мен заңды тұлғалар өкілдері қабылдауды жүргізген лауазымды тұлғаның тапсырмасы бойынша немесе өтініш берушінің жазбаша өтініші бойынша өтінішті қарауға жеке қатысуға, сондай-ақ өз өтінішінің негізділігін растайтын қосымша материалдар ұсынуға құқылы.

42. Қабылдаудан түскен өтінішті қарауды оны бұрын шешкен қызметкерге тапсыруға жол берілмейді.

Қабылдаудан түскен өтінішті қарау нәтижелері бойынша өтініш берушіге жауапты қабылдауды жүргізген лауазымды тұлғаның қолымен дәлелді жазбаша түрде беріледі.

Өтінішті қанағаттандыру туралы шешім қабылданған жағдайда жауапты тәмен түрған лауазымды тұлға беруі мүмкін, бұл туралы қабылдауды жүргізген лауазымды тұлғаға баяндалады.

Бас Прокурордың орынбасарлары, Бас прокуратураның құрылымдық бөлімшелерінің басшылары, облыстардың, аудандардың прокурорлары және

оларға теңестірілген прокурорлар, олардың орынбасарлары арыз иелерін шақыра отырып, қажет болған жағдайда бейнеконференцбайланыс арқылы қабылдаудан түскен өтініштерді қанағаттандырудан бас тарту себептерін жеке түсіндіреді.

Өтініш берушінің прокуратураға келуге мүмкіндігі болмаған жағдайда оның өтініші бойынша қабылданған шешім туралы ол тиісті түрде (тапсырысты хатпен немесе хабарлаудың тіркелуін қамтамасыз ететін өзге де байланыс құралдары арқылы) хабарланады.

Ескерту. 42-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Бас Прокурорының 29.03.2018 № 42 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін он қүнтізбелік күн аяқталған соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

44. Қабылдаудан келіп түскен өтініштерді есепке алууды және өтініштерді қарау мерзімдерін бақылауды Бас прокуратурада - Бас Прокурордың аға көмекшісі, облыстық және оларға теңестірілген прокуратурааларда, прокуратура ведомстволары, мекемелері мен білім беру үйімінде, аудандық және оларға теңестірілген прокуратурааларда – осы міндет жүктелген жауапты қызметкерлер жүзеге асырады.

Қабылдаудан түскен өтінішті бақылаудан алуға өтініш берушіге берілген түпкілікті дәлелді жауап негіз болып табылады.

Бас прокуратурада қабылданған жеке тұлғаларды және занды тұлғалар екілдерін БАТЖ-да есепке алууды өтініштермен жұмыс жасау және іс қағаздарын жүргізу бөлімшесінің сарапшысы (маманы), облыстық прокуратураалар және оларға теңестірілген прокуратурааларда, прокуратура ведомстволары, мекемелері мен білім беру үйімінде, аудандық және оларға теңестірілген прокуратурааларда – осы міндет жүктелген тұлғалар жүргізеді.